

"Қаладағы аудандарға, көшелерге, даңғылдарға және қаланың өзге де құрамдас бөліктеріне атау беру, олардың атауларының транскрипцияларын өзгерту, жер учаскелеріне, ғимараттар мен орын-жайларға реттік нөмірлер беру, көрсеткіштерді орнату және пайдалану ережесін бекіту туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 17 тамыздағы № 3-1-1639қ қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Астана қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 26 наурыздағы № 120-308 қаулысы. Астана қаласының Әділет департаментінде 2012 жылғы 13 сәуірде нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 719 болып енгізілді. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 15 мамырдағы № 120-753 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 15.05.2013 № 120-753 шешімімен (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 43, 43-1-баптарына, Астана қаласы мәслихатының 2011 жылғы 3 наурыздағы № 432/58-IV шешімімен бекітілген Астана қаласының аумағында құрылыс салу ережесіне сәйкес Астана қаласының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. «Қаладағы аудандарға, көшелерге, даңғылдарға және қаланың өзге де құрамдас бөліктеріне атау беру, олардың атауларының транскрипцияларын өзгерту, жер учаскелеріне, ғимараттар мен орын-жайларға реттік нөмірлер беру, көрсеткіштерді орнату және пайдалану ережесін бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2004 жылғы 30 қыркүйекте № 350 болып тіркелген, 2008 жылғы 28 қазандағы № 146 «Астана хабары», 2004 жылғы 12 қазандағы № 144 «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған) Астана қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 17 тамыздағы № 3-1-1639қ қаулысына (бұдан әрі- Ереже) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

жоғарыда аталған қаулымен бекітілген Ереженің атауы мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«Қаланың құрамдас бөліктеріне атау беру және қайта атау, олардың атауларының транскрипцияларын өзгерту, жер учаскелеріне, ғимараттар мен

құрылымдарға реттік нөмірлер беру, көрсеткіштерді орнату және пайдалану е р е ж е с і » ;

Ереженің преамбуласы мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы Қаланың құрамдас бөліктеріне атау беру және қайта атау, олардың атауларының транскрипцияларын өзгерту, жер учаскелеріне, ғимараттар мен құрылымдарға реттік нөмірлер беру, көрсеткіштерді орнату және пайдалану ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы, «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» 2001 жылғы 16 шілдедегі, «Тұрғын үй қатынастары туралы» 1997 жылғы 16 сәуірдегі заңдарының және Астана қаласы мәслихатының 2011 жылғы 3 наурыздағы № 432/58-IV шешімімен бекітілген Астана қаласының аумағында құрылыс салу қағидасына сәйкес атау беру және қайта атаудың бірыңғай тәртіпке келтіру мақсатында әзірленді.»;

Е р е ж е н і ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«ішіне салынған – барлық бөлмелері ғимарат габаритінде орналастырылған, олардың шегінен сыртқа бойлық қасбеті жағынан 1,5 метрге дейін және шет жақтарынан 6 метрге дейін шығып тұруы мүмкін;»;

жетінші абзац алынып тасталсын;

он сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«атау – Астана қаласының құрамдас бөлігіне берілген, оларды бөлу және тану үшін қызмет ететін жеке атаулар;»;

қырық үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«көрсеткіш – жарық түсіретін, жарықты шағылыстыратын, контрастық объектілерді, материалдарды пайдалана отырып құрылған, азаматтарды көше, ғимарат немесе құрылымның орналасуы туралы ақпараттармен қамтамасыз ету үшін белгіленген түсінікті жазулары, цифрлары бар геометриялық нысанда белгіленген түрлі-түсті бейне;»;

қырық төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«қаланың құрамдас бөлігі (қала құрылысы элементі) – қаладағы аудандар, шағын аудандар, алаңдар, даңғылдар, желекжолдар, орамдар, тас жолдар, трассалар, көшелер, тұйық көшелер, өту жолдары, тұйықтар, аллеялар, саябақтар, тұрғын аудандардың бау-бақшасы, шағынгүлбақтар, көпірлер;»;

Е р е ж е н і ң 3 - т а р м а ғ ы н д а :

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«реттік нөмірі жоқ жер учаскелерін, ғимараттарды, орын-жайларды, жапсарлас-жанаса және жанаса салынған үй-жайларды анықтап, оларға өз бұйрығы бойынша реттік нөмір береді;»;

тоғызыншы абзац алынып тасталсын;
Ереженің 6-тармағы алынып тасталсын;
Ереженің 22-тармағында алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:
«Объектілерінде әртүрлі санаттардағы көрсеткіштерін орналасу жөніндегі талаптар Ереженің 7-тарауымен реттеледі.»;

Ереженің 35-тармағында екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:
«жер учаскесінің, ғимараттың, корпустың, құрылымның, орын-жайдың алдын ала реттік нөмірін сәулет органы жекелеген объектілерді бұзу нәтижесінде қаланың бір бөлігі объектілерінің нөмірленуі оннан артық бірлікке бөлінген (жоғалған) жағдайда өзгеріледі.»;

Ереженің 51-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«Нөмірленген игерілмеген жер учаскесінің аумағындағы жаңа ғимаратты, орын-жайды салғанда тұрғызылатын объектіге нөмірлеудің жалпы тәртібі сақталып, осы жер учаскесінің алдын ала реттік нөмірі беріледі.»;

Ереженің 5-тарауы мынадай мазмұндағы 52-1-тармақпен толықтырылсын:
«52-1. Сәулет органы өтініш иесінің жылжымайтын мүлік объектісіне бастапқы реттік нөмір немесе мекен-жай беру туралы жазбаша өтінішін осы Ереженің 21-тармағына сәйкес он бес күнтізбелік күн ішінде қарайды.»;

Ереженің 57, 59, 60-тармақтары алынып тасталсын;
Ереженің 8-тарауы алынып тасталсын.

2. «Астана қаласының Сәулет және қала құрылысы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің бастығы осы қаулының мемлекеттік тіркелуін, оны кейіннен ресми жариялау мен Астана қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орнатылуын қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары С.М.Хорошунға жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

И. Тасмағамбетов